

"Инвотакси қызметін алушылардың санатын, объектілердің және белгіленген пункттердің тізбесін кеңейту туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қазандағы № 193 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 мамырдағы № 187 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 13 мамырда № 5206-08 болып тіркелді

Сарысу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Инвотакси қызметін алушылардың санатын, объектілердің және белгіленген пункттердің тізбесін кеңейту туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қазандағы № 193 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5097 болып тіркелген) қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын :

"1) бірінші топтағы мүгедектігі бар және бүйрек аурулары бар адамдар.";

көрсетілген қаулының 2 тармағы мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) бүйрек аурулары бар адамдар үшін Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы.";

аталған қаулыда қазақша мәтінде 4 тармақ өзгермейді.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарысу ауданының әкімі

С. Мамытов